


**Азаматтық құқық дегеніміз —
азаматтық заңдарда көрініс
тапқан мүліктік және мүліктік
қатынастармен байланысы бар
мүліктік емес жеке
қатынастарды реттейтін
нормалар жиынтығы. Бұл
нормалар азаматтық заңнамада
көрініс тапқан.**

АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ ҚАҒИДАЛАРЫНА:

- ❑ тараптардың теңдігі;
- ❑ шарт еркіндігі және таңдау құқығы;
- ❑ еркіндік;
- ❑ тәуелсіздік;
- ❑ меншікке қолсұқпаушылық;
- ❑ біреудің жеке ісіне келісімсіз араласпауы;
- ❑ азаматтық құқықтардың еш кедергісіз жүзеге асырылуы;
- ❑ бұзылған құқықтарды қалпына келтіруді қамтамасыз ету;
- ❑ азаматтық-құқықтық қатынасқа қатысушылардың құқықтарын сот арқылы қорғау жатады.

A red leather-bound book with gold embossed text and a globe emblem, resting on a green marble surface. The text on the book cover includes "ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ" and "КОНСТИТУЦИЯСЫ".

**Азаматтық құқықтың
қайнар көздері — ҚР-ның
Конституциясы, Азаматтық
құқық кодексі, нормативтік
құқықтық актілер жатады.**

Ата Заңның 33 – бабы “азаматтың жеке өміріне қол сұғуға болмайтындығын” атай келе, “азаматтың жеке өміріне араласуға оның ар-намысы мен қадір-қасиетіне қол сұғуға тыйым салынады” десе, осы баптың келесі тармағында “тұрғын үйге қол сұғуға болмайтындығы” атап көрсетілген.



Азаматтық құқықтық мәмілелер

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ

АЗАМАТТЫҚ

КОДЕКСІ

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 147-бабында көрсетілгендей мәмілелер дегеніміз азаматтар мен заңды тұлғалардың азаматтық құқықтары мен міндеттерін белгілеуге, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған әрекеттер.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АРНАҒЫН

Мәміле – азаматтар мен заңды тұлғалардың азаматтық құқықтары мен міндеттерін белгілеуге, өзгертуге немесе тоқтауға бағытталған әрекеттері.

Мәміле – бұл әрекет, яғни адамдардың саналы іс-әрекеттерінің нәтижесі. Барлық әрекеттер заңды және заңсыз болып бөлінеді. Мәмілені жасау заңды әрекет болып табылады және ол заңға сәйкес келеді.

Мәмілені жасау – мәміле субъектілерінің арнайы әрекет жасауға деген ниеті.

АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАС – БҰЛ АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ НОРМАСЫМЕН РЕТТЕЛГЕН ҚОҒАМДЫҚ ҚАТЫНАС СИЯҚТЫ. ОНЫҢ ПӘНІНЕ МҮЛІКТІК ЖӘНЕ ЖЕКЕ МҮЛІКТІК ЕМЕС ҚАТЫНАСТАР КІРЕДІ.

Азаматтық құқықтық қатынастарың түрлері қатынастардың негізгі материалды игіліктердің болуы және болмауына байланысты қалыптасатындықтан азаматтық құқықтық қатынастардың түрлері мүліктік, материалды игіліктер сипатында болатындықтан, олардың экономикалық мазмұны бар.

**Азаматтық заңдармен
реттелетін қатынастардың
субъектілеріне :**

**Жеке
тұлға**


**заңды
тұлға**

мемлекет

**Әкімшілік –
аумақтық
бөлінісі**

Азаматтық кодекстің 9-шы бабында құқығы бұзылған адам, егер заң мен шартта аз мөлшердегі шығын қаралмаса, өзіне келген залалды толық қалпына келтіруді талап ете алатындығы бекітілген. Залалдың орнын толтыру жөніндегі норма императивті тұрғыда келеді, ол барлық азаматтық құқықтық қатынастарға жүреді және жақтардың шартында шығынды келтіру қаралды ма, жоқ па, оған қарамай әрекет ете береді.

**Азаматтық құқық қатынас
объектісі түрінде оның
субъектілерінің
материалдық жеке
материалдық емес
игіліктерге бағытталған
тәртібі көрінеді.**

A scroll with text on a dark background with a candle. The scroll is unrolled and has a yellowish-gold color. The text is in a serif font. The background is dark blue or black. A lit candle is visible at the bottom left of the scroll.

Азаматтық кодекстің 12-бабына сәйкес, **жеке тұлға** деп Қазақстан Республикасының азаматтарын, басқа мемлекеттердің азаматтарын және азаматтығы жоқ адамдарды айтамыз. Азаматтық алған адам сол мемлекеттің **құқық субъектісі** болады.



ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
КОНСТИТУЦИЯСЫ

Азаматтық-құқықтық жауапкершілік дегеніміз — шартта немесе заңда көрсетілген ретте жүктелген міндеттемені бұзған субъектіге қолданылатын мүлікті өндіру немесе мүліктік салмақ салу нысанында болып келетін жауапкершіліктің түрі.